



Қалалық бюджет шығыстарының басым бағыттарын айқындау туралы

Жетісу облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 13 мамырдағы № 355 қаулысы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету Ережелерінің 213-тармағына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, қалалық бюджет шығыстарының басым бағыттары айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Талдықорған қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е.Бәзіл

Талдықорған қаласы әкімдігінің 2024
жылғы " ____ " _____ № ____
қаулысына қосымша

Қалалық бюджет шығыстарының басым бағыттары

1. Еңбекақы төлемдерді төлеу, соның ішінде техникалық персоналдың еңбекақысы және еңбекақыдан барлық ұстап қалулар.

2. Ақшалай өтемақылар (мемлекеттік және азаматтық қызметшілерді сауықтыруға арналған жәрдемақы, бюджет қаражатын үнемдеу есебінен мемлекеттік мекеме басшысының шешімі бойынша төленетін материалдық көмек).

3. Алимент, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды, жәрдемақылар және халыққа арналған әлеуметтік бағдарламалар (мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, тұрғын үй көмегі, мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету, үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту, жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек, жергілікті өкілетті органдардың шешімі

бойынша азаматтардың жекелеген топтарын қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау).

4. Банк қызметтеріне төлем жасау, қарыздық міндеттемелерді өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдер, салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер.

5. Атқарушылық құжаттарды және сот актілерін орындау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ